

## БӨЛШЕК САУДАЛЫҚ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ 2022 жылдың III тоқсаны бойынша


### Бөлшек саудалық депозиттер нарығының даму барысы

Әлемнің қаржы нарықтарында тұрақсыздық және жоғары инфляциялық қысым сақталуда. Бірақ соған қарамастан 2022 жылдың 3-тоқсанында халықтың ақша жинақтау белсенділігі оң сипатта дамыды. Тұрғындардың депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі (бұдан әрі – қатысушы банктер) депозиттерінің жалпы өсімі 7,1%-ды (+974,1 млрд теңге) құрады. Жылдық тұрғыда депозиттердің өсімі 17,1% болса, ал абсолюттік көрсеткіште – 2 трлн теңгеден асты. Соның нәтижесінде бөлшек саудалық, яғни жеке тұлғалардың депозиттерінің жиынтық көлемі 2022 жылдың 01 қазанына қарай 14,7 трлн теңгеге жетті (1-сурет). Халықтың ақша жинақтау белсенділігінің артқандығын ашылған шоттардың санына қарап білуге болады. 2022 жылдың 3-тоқсанында жеке тұлғалар 5,0 миллионнан астам жаңа шоттар ашқан немесе +4,3% (жылдық тұрғыда шоттардың өсімі 21,7 млн шотты құрады немесе +22,0%).


2022 жылдың 3-тоқсанында теңгелік депозиттердің ұлғаюуы одан әрі жалғасты. Абсолютті мәнінде теңгелік депозиттердің өсімі рекордтық көрсеткішке жетіп, 688,4 млрд теңгені (+7,7%) құрады. Өткен жылдың сәйкес кезеңінде бұл көрсеткіш +160,8 млрд теңге немесе +2,0% болған еді. Бұл халықтың ұлттық валютаға деген сенімінің нығайғандығын және ақшаларын теңгелік депозиттерге салуды жөн санайтындығын білдіреді. Ұлттық валютаға деген қызығушылықтың артқандығын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - ҚРҰБ) базалық мөлшерлемесінің жоғарылауы себебінен депозит нарығында мөлшерлемелердің өскендігімен де түсіндіруге болады. Соның арқасында халықтың теңгелік салымдары 2022 жылдың 3-тоқсанында жеке тұлғалардың депозиттерінің жиынтық өсімінде +5,0%-ды қамтамасыз етті (+7,1%) (2-сурет).

Үшінші тоқсанда депозиттік портфельдің валюталық бөлігі де біршама жоғары өсу қарқынын көрсетті. Бұл негізінен қалыптасқан геосаяси жағдайда бейрезиденттердің валюталық, ағымдағы және карт-шоттарында қалдық ақшаларының өскендігі себебінен орын алды. Депозиттік портфельдің валюталық бөлігінің өсімі +3,3%-ды немесе 344,2 млн АҚШ долларын құрады (жылдық тұрғыда өсім 4,1%-ды немесе 416,3 млн АҚШ долларына тең) (2-сурет). Валюталық депозиттер теңгелік баламада 285,7 млрд теңгеге (+6,0%), ал жылдық тұрғыда – 722,0 млрд теңгеге ұлғайды (+16,6%) (3-сурет). Осылайша валюталық депозиттер теңгелік баламада айтарлықтай өскендігімен, валюталық депозиттердің долларлық баламадағы жиынтық көлемі тиісті айтарлықтай өсімді көрсетпеді және шарықтау шегіне жеткен жоқ. Ал шарықтау шегі 2022 жылдың басында тіркелген еді (10,8 млрд АҚШ доллары).


1-сурет. Бөлшек саудалық депозиттердің серпіні



2-сурет. Бөлшек саудалық депозиттердің өзгеру құрылымының серпіні



3-сурет. Валюталық салымдардың өзгеру серпіні



## Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы

- Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер.


2022 жылдың 3 тоқсанында сегменттер бойынша депозиттердің құрылымы анау айтқандай өзгерістерге ұшыраған жоқ. Депозиттердің жалпы құрылымында бұқаралық сегмент басымдыққа ие (депозиттердің жиынтық көлемінің 50%-ынан жоғары). Депозиттік портфельдің теңгелік бөлігі негізінен бұқаралық сегментте орналасқан. Жылдық тұрғыда теңгелік депозиттердің құрылымы айтарлықтай өзгерген жоқ. Тек бір айта кетерлігі, ірі теңгелік депозиттердің валюталық салымдарға ағылуына және одан әрі ішінара теңгелік депозиттерге қайта оралуына байланысты орта және ірі сегменттердің үлесі теңесті (теңгелік депозиттердің жиынтық портфелінің 15,2%-ы бойынша). Шетел валютасындағы депозиттер портфелінің құрылымында әдеттегідей ірі сегмент басымдыққа ие (шетел валютасындағы барлық депозиттердің 2/3 дерлік). Әлемдік нарықтарда әртүрлі өзгерістердің туындауына себеп болған қазіргі геосаяси жағдайлар аясында, 2022 жылдың 3-тоқсанында валюталық депозиттердің құрылымындағы ірі сегменттің үлесі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,6%-ға өсті (4-сурет).

2022 жылдың 3-тоқсанында депозит нарығында барлық үш сегментте өсім байқалды. Алайда қарастырылып жатқан тоқсанда акцент бұқаралық сегменттен орта сегментке ауысты – шартты түрде орта сегмент едәуір өсу қарқынын көрсетті (+14,8%, ал жылдық тұрғыда +27,0%). Үшінші тоқсанда бұқаралық сегмент портфельдің теңгелік бөлігінде де (+3,5%), шетел валютасындағы депозиттер портфелінде де (+1,2%) бірқалыпты өсуді көрсетті (5-сурет).


Ірі сегмент депозит нарығының басқа сегменттеріне қарағанда анағұрлым құбылмалы екені белгілі. Міне, осы сегмент 3-тоқсанда ішкі нарықтағы жағдайдың тұрақталуы аясында бірінші тоқсанда жылыстаған қаражаттың (-145,0 млрд теңге) орнын толтырып қана қоймай, ұлттық валютаның есебінен де (+247,7 млрд теңге), шетел валютасының есебінен де (+215,5 млрд теңге) өз жайғасымын айтарлықтай нығайтты.

Теңгелік депозиттердің жиынтық көлемінде ірі сегменттің едәуір өскендігіне қарамастан (+20,5%), 2022 жылдың 3-тоқсанында теңгелік депозиттер портфелінің өсуіне әрбір сегмент бірдей дерлік дәрежеде үлес қосты. Үшінші тоқсанда ірі сегменттің теңгелік депозиттердің өсуіне қосқан үлесі 2,8% болса, орта және бұқаралық сегменттердің үлесі сәйкесінше 2,5%-дан болды. Портфельдің валюталық бөлігінің ұлғаюына ірі сегментке қомақты қаражаттың келуі септігін тигізді (3-тоқсанда жалпы 3,3% өсімдегі үлесі 2,8% (долларлық баламада)).

4-сурет. Бөлшек саудалық депозиттердің сегменттер бойынша құрылымы



5-сурет. Бөлшек саудалық депозиттер сегментінің өзгерісі



## Мерзімділік өлшемшарттары бойынша салымдарды орналастыру құрылымы

2022 жылдың 3-тоқсанында жиынтық бөлшек саудалық портфельдің оң серпініне депозиттердің барлық түрі үлес қосты. Осы ретте ең жоғары өсімді мерзімділік шартына жатпайтын депозиттер (мерзімсіз депозиттер) ағымдағы және карточкалық шоттар және мемлекет тарапынан субсидияланатын депозиттер қамтамасыз етті (олардың үлесі 3-тоқсанда 7,1% болатын жалпы өсімнің 7,0%-ын құрады).

Соның нәтижесінде жеке тұлғаларға арналған депозиттердің құрылымында жалпы көлемнің жартысынан астамын мерзімсіз депозиттер алып жатыр (61,7%). Бұл қазақстандықтар үшін ең үйреншікті депозит түрі. Ол өзінің ұтқырлығы және мерзімінен бұрын алу бойынша шектеулер жоқтығының арқасында банктердің ақша қорындағы алар үлесі елеулі.


2022 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша тұрақты қор жинау үлесі 9,1% көлемінде тұрақтады<sup>1</sup>. Қарастырылып жатқан тоқсанда тұрақты қор жинау үлесі 0,6 п.т.-қа төмендесе, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 4,0 п.т.-қа төмендеді. Бұған мерзімсіз депозиттер бойынша озық өсу қарқыны (+738,1 млрд. теңге) себеп болды. Ал олармен салыстырғанда мерзімді және жинақ депозиттер бірқалыпты өсті: 3-тоқсанда мерзімді салымдар көлемінің өсімі 7,3 млрд теңге болса, жинақ депозиттердің өсімі 5,9 млрд теңгені құрады (6-сурет).

Теңгелік портфельдің құрылымында тұрақты қор жинау үлесі депозиттердің жиынтық портфеліне қарағанда жоғары және 13,4%-ды құрайды (7-сурет). Теңгеде тұрақты қор жинау бойынша негізгі үлес жинақ депозиттердің еншісінде. Салымның бұл түрі банктер ұсынатын бүкіл теңгелік депозиттік өнімдер ішінде максималды табыстылық деңгейіне ие – 93,9%. Алайда ағымдағы экономикалық жағдайда жиынтық теңгелік портфельде негізгі үлес мерзімсіз депозиттерге тиесілі (51,6%).


Нәтижесінде 2022 жылдың 3-тоқсанында депозиттік портфельдің теңгелік бөлігінің 7,7% болатын жалпы өсімінде мерзімсіз депозиттердің үлесі 6,8%-ды құрады. Ал жинақ және мерзімді депозиттердің үлесі бар болғаны – 0,3%. Мерзімсіз депозиттердің айтарлықтай өсуі қалыптасқан нарықтық жағдайлар аясында орын алды. Бұл жағдайлар сонымен қатар мерзімсіз депозиттердің пайдасына қарай, осы депозиттер мен тұрақты жинақ салымдардың сыйақы мөлшерлемелері арасындағы дифференциалдың қысқаруына әкеп соқты.

3-тоқсанда валюталық депозиттерде елеулі өсім ағымдағы және карточкалық шоттарда (+160 млрд теңге немесе +24,8%) және мерзімсіз депозиттерде (+133,5 млрд теңге немесе +3,4%) байқалды. Бұл бейрезиденттердің валюталық шоттарындағы қалдық ақшалардың көбеюіне байланысты болды.

6-сурет. Депозиттердің мерзімділігі бойынша құрылымы, трлн теңге



7-сурет. Теңгелік депозиттердің мерзімділігі бойынша құрылымы, трлн теңге



<sup>1</sup> Тұрақты қор жинау депозиттер қорытындысына мерзімді және жинақ депозиттерді қамтиды. Бұл ретте тұрғын үй құрылыс жинақтары және мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі аясында ашылған депозиттер есепке алынбайды.

## Салымдардың долларлану деңгейі

Бөлшек саудалық депозиттердің соңғы жылдары қалыптасқан долларлану деңгейі 2022 жылдың барысында 34%-36% аумағында сақталды<sup>2</sup>. Ағымдағы жылдың алғашқы 2 тоқсанында бұл көрсеткіш аздап өсті. Алайда 2022 жылдың 3-тоқсанында долларлану деңгейі жоғарыда айтылған уақиғаларға дейін болған мәндерге қайта оралып, 34,6%-ды құрады. Өйткені теңге бағамы тұрақтанып, теңгелік депозиттер өсе бастады. Ал валюталық салымдардың өсімі шамалы ғана болды. Валюта бағамына түзетілген долларлану деңгейі<sup>3</sup> жыл басынан бері 1,7 п.т., төмендеп, 32,4%-ды құрады (8-сурет).

Теңгелік және валюталық депозиттер арасындағы айрықша дифференциал бөлшек сауда депозиттерін одан әрі долларсыздандыру саясатын сақтауға көмектеседі. Бұл банк секторында қор жинау құрылымына оң әсер етеді.


3-тоқсанда сегменттер тұрғысында долларлану деңгейінде анау айтқандай өзгеріс болған жоқ. Ірі сегментте әлі де долларланудың жоғары деңгейі сақталған. Бұл ретте қарастырылып жатқан кезеңде шетел валютасындағы депозиттердің үлесі бұл жерде 3,2%-ға өсті. Бұған әрине, ірі теңгелік салымдардың өтуі әсер етті (9-сурет). Долларланудың жалпы деңгейі 34,6% екенін ескерсек (2021 жылдың 3-тқс. 34,8%), ірі сегменттің үлесі 22,0%-ды (2021ж. 3-тқс. 21,2%), бұқаралық сегменттің үлесі – 8,0%-ды (2021ж. 3-тқс. 9,0%), орта сегменттің үлесі 4,6%-ды (2021ж. 3-тқс. 4,6%) құрады.

Долларлану деңгейін төмендетуде бұқаралық сегменттің үлесі жоғары. Бұл сегментте 2022 жылдың барысында әртүрлі ішкі және сыртқы есенгіретулерге қарамастан, долларлық салымдардың үлесі үнемі төмендеп жатты.

Негізінен долларланудың жоғары деңгейі мерзімінен бұрын алу бойынша қатаң шектеулер жоқ депозит түрлерінде: талап етілмелі салымдар мен мерзімсіз салымдарда байқалды. Осыған байланысты депозит нарығының осы секторы жоғары құбылмалылыққа бейім. Өйткені ұлттық валюта бағамы күрт өзгерген сәтте шетел валютасындағы депозиттерін айырбастауға/алуға мүмкіндік береді.


Долларланудың төмен деңгейі жинақ салымдар сегментінде байқалады. Бұл табыстылығы және кепілдік мөлшері жағынан теңгедегі жинақ салымдардың айрықша артықшылығына байланысты орын алып отыр. Қазақстандықтар әдетте ақшаларын негізінен ағымдағы және карточкалық шоттарда теңгемен сақтайды (10-сурет). Алайда 2022 жылдың 3-тоқсанында ҚР бейрезиденттерінің ағымдағы және карточкалық шоттарды көптеп ашуына байланысты бұл сегментте долларлану деңгейі жоғарылады.

## 8-сурет. Салымдардың долларлану деңгейі



\* долларланудың «психологиялық деңгейі» туралы сараптамалық пікірді білдіреді. Одан асып түсу банктік қор жинау жүйесі үшін белгілі бір тәуекелге әкеп соғады

## 9-сурет. Сегменттер тұрғысындағы долларлану



## 10-сурет. Депозиттердің түрлері тұрғысындағы долларлану

<sup>2</sup> 2022 жылдың 01 наурызына долларлану 38,7% құрады

<sup>3</sup> 2022 жылдың барлық кезеңінде валюталық қайта бағалаулар әсер етпейтін мәнді есептеуде 2021 жылдың соңына қарай қалыптасқан бағам мәні қабылданады. 2021 жылдың барлық кезеңінде валюталық қайта бағалаулар әсер етпейтін мәнді есептеуде 2020 жылдың соңына қарай қалыптасқан бағам мәні қабылданады.



## Сыйақы мөлшерлемелері


Депозиттердің түрлері мен мерзімділігіне қарай олар бойынша максималды (шекті) мөлшерлемелер көлемі ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі немесе нарықтық мөлшерлемелер негізінде белгіленеді (қайта тартылған депозиттер бойынша орташа өлшемді сыйақы мөлшерлемесі). Мерзімсіз депозиттер, сондай-ақ 3 және 6 айға арналған мерзімді және жинақ депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелер – базалық мөлшерлеме мен спредтің қосындысы, ал 12 ай және одан да жоғары мерзімге арналған жинақ және мерзімді депозиттер бойынша – нарықтық мөлшерлеме мен спредтің қосындысы ретінде белгіленеді.

2022 жылдың 26 шілдесінен бастап, ҚРҰБ базалық мөлшерлемені 14,0%-дан 14,5%-ға дейін көтерген соң, артынша мерзімсіз депозиттер бойынша шекті мөлшерлеме 14,0%-ға дейін өсірілді. Шекті мөлшерлеменің жоғарылауы мерзімсіз депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлеменің өсуіне әкеп соқты. Сөйтіп 2022 жылдың 3-тоқсаны барысында олардың мөлшері 13,6%-дан 13,7%-ға дейін құбылып отырды (11-сурет).

Дегенмен, 2022 жылдың 25 шілдесінде мерзімсіз депозиттер бойынша спредтің теріс мөлшерін -0,5 п.т. деңгейінде бекіту туралы шешім қабылданды. Іс жүзінде мерзімсіз депозиттер бойынша теріс спред 2021 жылдың шілдесінен бастап бекітілген болатын. Мерзімсіз депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелерді ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі деңгейінен төмен етіп бекіту депозит нарығын түрлендіру қажеттілігіне және оны транзакциялық депозиттерге (мерзімсіз, ағымдағы және карточкалық шоттар, талап етілмелі салымдар) және тұрақты депозиттерге (мерзімді және жинақ салымдар) бөлуге байланысты болды.

2022 жылы 26 шілдеде базалық мөлшерлеме кезекті рет көтерілген соң, тұрақты ұзақ мерзімді депозиттерге деген сенімді сақтау мақсатында теңгедегі барлық қалған депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелер де жоғарылатылды. Шекті мөлшерлемелердің өсуі депозит нарығына қатысушылардың көңіл-күйіне әсер етті. Содан 3-тоқсанда барлық дерлік мерзімдегі жинақ және мерзімді депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелердің өскендігі байқалды. Тек бұл депозиттердің 12 айдан жоғары мерзімге арналған түрінде ғана мөлшерлеме өскен жоқ (12-сурет және 13-сурет).


Нарықтық мөлшерлемелердің көтерілуі спредтің қысқаруына әкеп соқты<sup>4</sup>: ең көп қысқару қысқа мерзімді салымдар сегментінде байқалды – 3-тоқсанның соңында 6 айға арналған мерзімді депозиттер мен 3 айға арналған жинақ салымдар бойынша спред 0,0 п.т. құрады. Сол екі арада максималды алшақтық ұзақ мерзімді салымдар бойынша сақталуда: 24 айға арналған мерзімді салымдар бойынша спред 4,5 п.т.-қа жетеді.



11-сурет. Мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелер серпіні



12-сурет. Мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелер серпіні



13-сурет. Жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер серпіні

<sup>4</sup> Қалыптасқан нарықтық мөлшерлеме мен депозиттік өнімнің нақты түрі арасындағы айырмашылық.

Шекті мөлшерлемелерді көтеру салымдар бойынша нақты табыстылықты оң деңгейде қолдауға бағытталған болатын. Алайда ғаламдық айқынсыздық жағдайында қатысушы банктер ұзақ мерзімге қымбат міндеттеме алғылары келмейді. Олардың мақсаттары – ақшалай қор жинау бағасын мейлінше тез басқару мүмкіндігіне ие болу.

